

ЖОО компонентінің оқу пәндерінің тізімі

6B01 - Педагогикалық ғылымдар
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

6B012 - Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

0112
(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

B002 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

6B01201 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

бакалавр
(дайындық деңгейі)

Оқуға түскен жылы 2023 жыл

Әзірленді

БББ академиялық комитеті
АК жетекшісі Тлемисов У.Б.
БББ менеджері Жилгильдинова М.Ж

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

Гуманитарлық- экономикалық факультетінің сапасын
қамтамасыз ету жөніндегі комиссия отырысында
Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылды
Хаттама № 4а " 05 " 04. 2023 ж.
Комиссия Төрағасы Ш. Ш. Абишева

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында 2023 ж. «25» сәуірдегі № 8 хаттама бекітілді.

БЕКІТІЛДІ

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында
2023 жылғы "01" қыркүйек № 1 хаттама.
Университеттің Ғылыми кеңесінің төрағасы Орынбеков Д.Р.

Экономикалық-құқықтық және экологиялық білім негіздері

Пән циклі	Жалпы білім беру пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Интеграцияланған пән құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, экономика, кәсіпкерлік және көшбасшылық, экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері саласындағы негізгі мәселелер мен қағидаттарды қамтиды. Нормативтік құқықтық актілерді пайдалану ерекшеліктері, Қоғамның іскерлік, этикалық, қоғамдық, экономикалық, кәсіпкерлік және экологиялық нормаларын пайдалана білу. Экологиялық-құқықтық, экономикалық, кәсіпкерлік қатынастардың, көшбасшылық қасиеттердің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қағидаттарының ерекшелігі.

Пәнді оқыту мақсаты

Антропогендік әсер ету және төтенше жағдайлар жағдайында тірі организмдердің, тұтастай биосфераның жұмыс істеуінің негізгі заңдылықтарын және олардың тұрақты даму тетіктерін зерделеуден тұрады; сыбайлас жемқорлық ұғымын, оған қарсы күрестің заңдылығын, мемлекеттік қылмыстық-атқару саясатының мазмұнын түсінуден; білім алушыларда Экономикалық теория негіздері бойынша базалық іргелі тұрақты білімді қалыптастырудан, экономикалық ойлау іскерлігі мен дағдыларын сіңіруден; студенттерді кәсіпкерлік теориясы мен практикасымен, өз ісін құру негіздерімен таныстырудан; көшбасшылық қасиеттерді дамыту және жетілдіру.

Оқыту нәтижелері

ОН 1 Әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдері мен коммуникативтік іскерліктерді көрсете білу, қоғамның қазіргі заманғы даму үрдістерін ескере отырып, ақпараттық технологияларды қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) тіршілік әрекетінің маңызды басымдықтары ретінде табиғи ортаның қауіпсіздігі мен сақталу мәселелерін талдайды;
- 2) табиғат пайдалану және орнықты даму негіздерін білетіндігін көрсетеді, техногендік жүйелердің қоршаған ортаға әсерін бағалайды;
- 3) Қазақстан Республикасының негізгі нормативтік-құқықтық актілерін білуін, оларды түсінуін және қолданылуын көрсетеді;
- 4) экономикалық процестердің даму заңдылықтары туралы білімдерін көрсетеді, өз ұстанымын нақты тұжырымдайды, оны қорғаудағы дәлелдерді табады және нақты баяндайды;
- 5) кәсіпкерлік қызмет түрлері мен кәсіпкерлік ортаны сипаттай алады, бизнес-жоспар құра алады, кәсіпкерлік құрылымды құрады және оның қызметін ұйымдастыра алады;
- 6) үлкен және кіші әлеуметтік топтарды басқарудағы көшбасшылық рөлі туралы іргелі ережелерді біледі.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Педагогикалық мамандыққа кіріспе

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс педагогтың кәсіби мәдениетін қалыптастырады, Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнын жаңарту контекстінде тұлғалық және кәсіби өзін-өзі дамыту жолдарын іздеу қажеттілігін дамытады. Мұғалімнің қызметіне құндылық қатынасы және олардың педагогикалық құзыреттілігін дамыту қалыптасады. Нормативтік құжаттарды, педагогтың құқықтары мен міндеттерін білуді көздейді. Курсты оқу барысында студенттер кәсіби педагогикалық қызметтің негіздерімен танысады.

Пәнді оқыту мақсаты

білім алушыларда, адам қызметтерінің ерекше әлеуметтік маңызды саласы ретінде педагогикалық мамандықтар туралы көзқарастарын қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ОН 3 Педагогикалық іс – әрекетте алған практикалық және теориялық білімдерін пайдалану және жинақтау.

ОН 11 Педагогикалық іс-әрекетке талдау жүргізу және оның нәтижелерін педагогикалық үдерісте қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Пәннің негізгі теориялық түсініктерін білу.
2. Кәсіби педагогикалық қызмет негіздерін меңгеру.
3. Педагог қызметінің әлеуметтік және гуманитарлық маңыздылығы туралы білімді меңгеру

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Педагогикалық практика Педагогикалық тәжірибе (психология-педагогикалық)

Жас ерекшелік психологиясы және физиология

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс адамның анатомиясы мен физиологиясы, жас ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді, жоғары жүйке қызметінің заңдылықтары және адамның жүйке жүйесінің функционалдық ерекшеліктері қарастырылады. Оқушылардың онтогенездегі психикалық және физиологиялық дамуы, жас ерекшеліктері мен дамуының негізгі заңдылықтары, психофизиологиялық нормаларды есепке алу негізінде баланың дамып келе жатқан тұлғасының маңызды психикалық ерекшеліктері туралы жүйелі түсінігін қалыптастырады.

Пәнді оқыту мақсаты

Оқушылардың онтогенездегі дұрыс, ғылыми білімді, адамның ақыл- ой және физиологиялық дамуын мәдени даму аспектісіндегі психология мен физиологиялық дамудың маңызды мәселелері бойынша әр түрлі көзқарастар туралы түсініктерін қалыптастыру. Студенттерді олардың кәсіби психологиялық - педагогикалық және физиологиялық дайындығын нығайтуға, психологиялық- физиологиялық білім бөлімін тереңдетуге ықпал ететін теориялық және практикалық біліммен қаруландыру.

Оқыту нәтижелері

ОН 2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериялды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. адамның ақыл- ой және физиологиялық дамуын мәдени даму аспектісіндегі психологиямен физиологиялық дамудың маңызды мәселелері бойынша әртүрлі көзқарастар туралы түсініктерін қалыптастыру.
2. білім алушылардың кәсіби психологиялық - педагогикалық және физиологиялық дайындығын нығайтады.
3. психологиялық-физиологиялық білімбөлімінтереңдетуге ықпал ететін теориялық және практикалық біліммен қаруландыру.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Педагогикалық тәжірибе (психология-педагогикалық)

Балалар психологиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс мектеп жасына дейінгі баланың онтогенездегі психикалық даму заңдылықтарын мен проблемаларын зерттейтін психологиялық ғылымдардың саласы. Курстың мақсаты білім алушыларда, баланың дамуының кезеңдері мен заңдылықтары, сондай- ақ жас, психологиялық ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру. Пән мазмұны балалар, практикалық және эксперименттік психологиясы саласындағы зерттеулер, отандық және шетелдік психологтардың тәжірибесін таныстыруды көздейді. Балалардағы маңызды жаңа құрылымдарды және психикалық дамуындағы өзгерістерді, жетекші іс-әрекеттерінің ерекшеліктерін, тұлғааралық қарым- қатынас мазмұнын зерттейді. Балалар психологиясы пәні бойынша зерттеушілік іскерліктері дамиды.

Пәнді оқыту мақсаты

балалардың психикалық дамуының жетекші заңдылықтарын ашу, студенттердің психикалық даму кезеңдері, баланың жас ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ОН 3 Педагогикалық іс – әрекетте алған практикалық және теориялық білімдерін пайдалану және жинақтау.

ОН 4 Ересек мектеп жасына дейінгі баланың мектептегі білім беру жағдайына дайындығы тұрғысынан қазіргі заманғы мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы саласындағы кәсіби білімдерін көрсету.

ОН 5 Мектеп жасына дейінгі балалармен дамытушылық және түзету жұмыстарының әдістері мен формаларын қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Балалар психологиясының әдістері, психикалық даму заңдылықтары және балалар психологиясы саласындағы зерттеулері жайында түсініктері қалыптастыру.
2. Балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне негіздей отырып, оқу-тәрбие үрдісін жоспарлау.
3. Дамуы қалыпты деңгейде және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды дараландыру үшін қажетті психологиялық-педагогикалық әдістерді қолдану.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Ойынның психологиялық-педагогикалық негіздері

Педагогика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәннің мазмұны білім алушыларда педагогикалық ғылымның теориялық – әдіснамалық негіздері және кәсіби – педагогикалық іс-әрекеттің мәні туралы тұтас көзқарасты қалыптастыруға бағытталған. Курсты оқу білім беру ортасында тұтас педагогикалық процесті ұйымдастырудың мазмұны, принциптері, формалары мен әдістері туралы қажетті білімді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Курсты оқу білім алушыларда оқу мен оқытудағы заманауи тәсілдерді сәтті жүзеге асыру үшін қажетті құзыреттерді қалыптастырады.

Пәнді оқыту мақсаты

Педагогика оқу пәні ретінде студенттерде педагогика объектісі мен пәні, оның функциялары, категориялық аппарат, ғылым әдіснамасы туралы білімді қалыптастыруды мақсат етеді.

Курсты оқу білім алушылардың білім беру мекемесі жағдайында педагогикалық процесті жобалау мен бағалауда қажетті құзыреттілігін қалыптастыруды көздейді. Пән тақырыптарының мазмұны оқыту мен тәрбиелеудің формаларын, құралдарын, әдістерін таңдауда және сәтті қолдануда білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік береді.

Оқыту нәтижелері

ОН 2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериялды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Пән теориясы бойынша негізгі ұғымдарды біледі
2. Педагогикалық дайындық жүйесінде білімді меңгерген және тұтас педагогикалық үдерісті ескере отырып шешім қабылдайды
3. Педагог мамандығының негізгі дағдыларын қолданады

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Оқу практика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	2
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Оқу іс-тәжірибесі бойынша бағдарламасы білім алушылардың жалпы мәдени біліктерін және іскерліктерін дамытуға, білім алушыларға бастапқы кәсіби құзыреттерді меңгертуге, зерттеу қызметінің алғашқы сатыларын, іскерлік қарым-қатынасты жүргізу дағдыларын меңгертуге бағытталған. Іс-тәжірибе барысында білім алушы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың, пәннің үлгілік бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын біледі және түсінеді, ұйымның мультимәдени ортасында жұмысты ұйымдастыру тәртібімен танысады.

Пәнді оқыту мақсаты

болашақ мұғалімнің кәсіби қасиеттерін, дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыру, кәсіби педагогикалық құзыреттілікті дамыту, университетте алған теориялық білімдерін тереңдету және бекіту.

Оқыту нәтижелері

ОН 11 Педагогикалық іс-әрекетке талдау жүргізу және оның нәтижелерін педагогикалық үдерісте қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Теориялық білімдерін практикада көрсету.
2. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістерін меңгеру.
3. Оқыту және тәрбиелеу әдістерін қолдану.

Пререквизиттер

Жас ерекшелік психологиясы және физиология Педагогикалық мамандыққа кіріспе

Постреквизиттер

Педагогикалық тәжірибе (психология-педагогикалық) Мектепке дейінгі педагогика

Этнопедагогика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Эссе

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс оқу танымал мәдениеттің мазмұны, функциялары, түрлері, негізгі элементтері және оның педагогикалық әлеуеті туралы тұтас көзқарасты қалыптастырады. Білім берудің ұлттық дәстүрлерін, халықтық білім берудің ойлары мен тәжірибесін ескере отырып, білім берудің өзекті мәселелерін шешу дағдыларын игеруге ықпал етеді. Балалармен жұмыс жасауда халықтық білім берудің мәдени элементтері мен компоненттерін қолданудың практикалық дағдылары қалыптасады.

Пәнді оқыту мақсаты

Этнопедагогиканың мәні мен ерекшелігі туралы біліммен қаруландыру, ұлттық сана мен ұлттың ерекшеліктерін ескере отырып, өскелең ұрпақты тәрбиелеу ісінде оқу-тәрбие процесіне халықтардың сал-дәстүрлерін енгізу.

Этнопедагогика негіздерін меңгеру арқылы жалпы кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру және студенттің педагогикалық мәдениетін тәрбиелеу

Оқыту нәтижелері

ОН 3 Педагогикалық іс – әрекетте алған практикалық және теориялық білімдерін пайдалану және жинақтау.

ОН 7 Мектепке дейінгі білім беру жағдайында тұтас педагогикалық үдерістің жаңа әдіснамалық тәсілдерін практикада қолдану.

ОН 11 Педагогикалық іс-әрекетке талдау жүргізу және оның нәтижелерін педагогикалық үдерісте қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Пән теориясы бойынша негізгі ұғымдарды білу.
2. Халық мәдениеті мен оның білім беру және тәрбие әлеуеті туралы негізгі білімдерді меңгеру.
3. Педагог жұмысының негізгі дағдыларын меңгеру.

Пререквизиттер

Педагогикалық мамандыққа кіріспе

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Мектепке дейінгі педагогика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Осы пәнді игеру барысында білім алушылар мектепке дейінгі педагогиканың ғылым мен практикадағы байланысын, болашағы мен тенденциаларын қарастырады. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың қағидаларын, заңдылықтарын, әдістері, құралдары мен олардың педагогикалық мүмкіндіктері, қолданудың шарттары мен формаларын меңгереді. Осы пән негізінде жас ерекшелік топтарда педагогикалық үрдісті тиімді ұйымдастыруды, жоспарлауды және талдау жасауды үйренеді.

Пәнді оқыту мақсаты

Пәннің мақсаты білім алушыларда мектепке дейінгі педагогиканың теориялық - әдіснамалық негіздері жүйесін қалыптастыру болып табылады

Оқыту нәтижелері

ОН 3 Педагогикалық іс – әрекетте алған практикалық және теориялық білімдерін пайдалану және жинақтау.

ОН 4 Ересек мектеп жасына дейінгі баланың мектептегі білім беру жағдайына дайындығы тұрғысынан қазіргі заманғы мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы саласындағы кәсіби білімдерін көрсету.

ОН 6 Ата-аналармен педагогикалық өзара біріккен іс – әрекетті жүзеге асыру, педагогикалық міндеттерді шешуде әртүрлі пәндік салалардан кіріктірілген білім дағдыларын қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Пән теориясы бойынша негізгі ұғымдарды білу.
2. Мектепке дейінгі жастағы балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оларды оқыту мен тәрбиелеу бойынша негізгі білімді меңгеру.
3. Педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда негізгі дағдыларды меңгеру.

Пререквизиттер

Жас ерекшелік психологиясы және физиология Этнопедагогика

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Инклюзивті білім беру

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс барысында студенттер инклюзивті білім берудің принциптері мен әдістемелік негіздері туралы білімдерін қалыптастырады. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауға, инклюзивті білім беруді нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуде туындайтын кедергілерді болдырмауға, сондай-ақ инклюзивті білім беру саласындағы ұйымдастырушылық және басқару құзыреттеріне қатысты заманауи талаптардың жаңа үлгілері туралы идеялар қалыптасады. Білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау үлгілері туралы білімді меңгереді.

Пәнді оқыту мақсаты

Бұл пәннің мақсаты-студенттерді білім берудегі инклюзивті процестерді ұйымдастыру мен басқарудың негізгі ережелерімен таныстыру; инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби қызметке дайын, балалар мен олардың отбасыларына әлеуметтік психологиялық-педагогикалық қолдау көрсете алатын, олардың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық студенттер үшін білім беру бағытын құрудың инновациялық технологияларын меңгерген динамикалық, тиімді, өзін-өзі жетілдіретін маман қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ОН 2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериялды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. мүмкіндігі шектеулі балалардың интеграциясы туралы ғылыми-практикалық идеялар қалыптасуда.
2. инклюзивті практика жағдайында білім беру ұйымдарының әдістемелік, басқарушылық жұмысымен танысады.
3. инклюзивтік білім беру ұйымдарында білім беру үдерісінде мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім беру ерекшеліктерін түсінеді.

Пререквизиттер

Жас ерекшелік психологиясы және физиология

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Абай әлемі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән тарихи фактілерді, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының идеялық-эстетикалық құндылықтарды

қалыптастыратын философиялық-көркемдік негіздерін игерте отыра, студенттің өз пікірін айта білу, практикалық дағдыларды және адамгершілік, адалдық, көркем мінез сияқты адами қасиеттерді қабылдауды меңгертеді. Қазақ әдебиеті қаламгерлерінің данышпандық қырлары мен М.Әуезовтің Абай мұрасын зерттеу, насихаттаудағы рөлін, шығармаларының тарих, әдебиет, ғылым үшін маңызын айқындайды.

Пәнді оқыту мақсаты

Философиялық және дүниетанымдық болмыстың мағынасын қалыптастыру, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезов шығармаларында көтерілген мәселелерді түсіну және алған білімді күнделікті өмір тәжірибесінде қолдану.

Оқыту нәтижелері

ОН 1 Әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдері мен коммуникативтік іскерліктерді көрсете білу, қоғамның қазіргі заманғы даму үрдістерін ескере отырып, ақпараттық технологияларды қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасына қатысты тарихи фактілерді, шығармалардың философиялық-көркемдік негіздерін талдайды
- 2) Абайдың философиялық-көркем шығармаларының гуманистік идеяларын практикада қолданады
- 3) Абай еңбектерінің әдебиет және ғылым тарихындағы орны мен маңызын бағалайды

Пререквизиттер

Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Жаңартылған білім беру мазмұны мен критериалды бағалаудың технологиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнді оқу барысында білім алушылар жаңартылған білім берудегі жаңа қадамдармен, сабақты жоспарлау түрлерімен танысады. Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың әдістері мен тәсілдерін меңгереді. Жаңартылған білім берудің әдістемелік нұсқаушы қажаттарымен танысып, талдайды. Әр түрлі мемлекеттердегі бағалау жүйелеріне салыстырмалы талдау жасауға үйренеді. Курс студенттердің критериалды бағалау технологиясын меңгеруіне бағытталған және қазіргі білім беру мазмұнының ашады.

Пәнді оқыту мақсаты

жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында мектеп жасына дейінгі балалармен жұмысты ұйымдастырудың теориялық білімін қалыптастыру, практикалық дағдылары мен іскерлігін жетілдіру.

Оқыту нәтижелері

ОН 2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериалды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Жаңартылған білім беру мазмұнын талдау.
2. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау әдістері мен тәсілдерін меңгеру.
3. Кәсіби міндеттерді шешуде алған білімін көрсету.

Пререквизиттер

Педагогика

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту әдістемесі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс мазмұны онтолингвистиканың теориялық негіздерін, мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамытудың психологиялық және лингвистикалық ерекшеліктерін, ана тіліне үйретудің әдістемелік бағыттарын қарастырады. Пәннің мақсаты, білім алушыларды мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту бойынша жұмысты ұйымдастыруға және мазмұнын таңдауға дайындау болып табылады. Пән бойынша әр түрлі жас ерекшелік топтарында ана тілін меңгертудің педагогикалық шарттарын, мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық үрдісте жүргізу ерекшеліктерін қарастырады. Білім алушылар балалардың сөйлеуін дамытудың мақсаты, міндеті және мазмұнымен танысады.

Пәнді оқыту мақсаты

білім алушыларды мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту бойынша жұмысты ұйымдастыруға және мазмұнын таңдауға дайындау.

Оқыту нәтижелері

ОН 3 Педагогикалық іс – әрекетте алған практикалық және теориялық білімдерін пайдалану және жинақтау.

ОН 8 Педагогикалық үдерісте заманауи және инновациялық технологияларды пайдалануда жүйелі дағдыларды көрсету.

ОН 9 Жеке әдістемелерді оқытуда жаңа интеграцияланған тәсілдерді әзірлеу және жүзеге асыру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту әдістемесінің негізгі ұғымдарын меңгеру.
2. Балалардың тілін дамыту әдістемесі мен әдістемесінің негіздерін білу.
3. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытуды ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын пайдалану

дағдыларымен жұмыс істеу.

Пререквизиттер

Мектепке дейінгі педагогика Балалар психологиясы

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

Педагогикалық практика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Педагогикалық тәжірибе бағдарламасында жаңартылған білім беру мазмұны аясында білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері қарастырылған. Білім алушы жаңартылған білім беру мазмұны аясында маман ретінде әрекет етеді, нақты білім беру бағдарламасының заманауи мәселелерін шешуге бағытталған оқу процесін жобалай алады. Алынған білім педагогикалық қабілеттерді, сонымен қатар тәрбиеші тұлғасының кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастырады. Білім алушы заманауи ақпараттық ресурстар мен технологияларды пайдалануды үйренеді.

Пәнді оқыту мақсаты

білім беру жүйесінде оқытудың оқу-тәрбие процесін жобалаумен және іске асырумен байланысты кәсіби педагогикалық құзыреттерді қалыптастыру, білім алушылардың әлеуметтік және кәсіптік бейімделу жағдайларын қамтамасыз ету, олардың педагогикалық кәсіптің нормалары мен құндылықтарын игеруі, педагогикалық қызметтің іс-әрекет тәжірибесін алуда білім алушылардың жеке басының кәсіптік бағдарлануын қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ОН 2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериалды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

ОН 3 Педагогикалық іс – әрекетте алған практикалық және теориялық білімдерін пайдалану және жинақтау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Теориялық білімдерін практикада көрсету.
2. Педагогикалық жұмысты ұйымдастыру әдістерін меңгеру
3. Оқыту және тәрбиелеу әдістерін қолдану

Пререквизиттер

Педагогика

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

Педагогикалық тәжірибе (психология-педагогикалық)

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	2
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Тәжірибенің мазмұны балабақшаның тұтас педагогикалық үрдесінде оқу- педагогикалық процесті ұйымдастырудың ерекшеліктері мен басқару жүйесі туралы көзқарасты қалыптастыруға бағытталған. Білім алушы тәрбиешінің жұмыс жүйесін қоса алғанда, педагогикалық қызметтің барлық түрлері мен бағыттарымен танысады, сабақтар мен топтан тыс сабақтар барысында бақылау, балалардың жас ерекшеліктерін психологиялық- педагогикалық диагностикалау, психологиялық- педагогикалық ағарту жұмыстарын жүргізуді меңгереді.

Пәнді оқыту мақсаты

Педагогикалық іс-тәжірибенің мақсаты білім беру жүйесінде тәрбие процесін жобалаумен және іске асырумен байланысты кәсіби педагогикалық құзыреттерді қалыптастыру, білім алушылардың әлеуметтік және кәсіптік бейімделу жағдайларын қамтамасыз ету, олардың педагогикалық кәсіптің нормалары мен құндылықтарын игеруі, педагогикалық қызметтің іс-әрекет тәжірибесін алуда білім алушылардың жеке басының кәсіптік бағдарлануын қалыптастыру болып табылады.

Оқыту нәтижелері

ОН 2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериалды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Теориялық білімдерін практикада көрсету.
2. Психология - педагогикалық жұмысын ұйымдастыру әдістерін меңгеру.
3. Оқыту және тәрбиелеу әдістерін қолдану.

Пререквизиттер

Педагогика

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Мектеп жасына дейінгі балаларда қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру теориясы мен әдістемесі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнді оқу барысында білім алушылар қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру әдістемесінің әдіснамалық, психологиялық және педагогикалық негіздерін меңгереді. Әртүрлі жас ерекшелік топтарында мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес көзделген әдістемелік білімдер базасымен танысады, басқа ұйымдастырылған оқу пәндерімен интеграциялауға бағытталған. Мектепке дейінгі ұйымдарда қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыратын іс-шараларды ұйымдастыру әдістерін, формалары мен тәсілдерін үйренеді.

Пәнді оқыту мақсаты

білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін және мектепке дейінгі жастағы балаларда қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру теориясы мен әдістемесі саласында мектепке дейінгі балалардың математикалық дамуын диагностикалау мен оқытудың заманауи әдістері мен технологияларын пайдалану қабілетін дамыту.

Оқыту нәтижелері

ON 3 Педагогикалық іс – әрекетте алған практикалық және теориялық білімдерін пайдалану және жинақтау.

ON 7 Мектепке дейінгі білім беру жағдайында тұтас педагогикалық үдерістің жаңа әдіснамалық тәсілдерін практикада қолдану.

ON 9 Жеке әдістемелерді оқытуда жаңа интеграцияланған тәсілдерді әзірлеу және жүзеге асыру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Пәннің негізгі теориялық түсініктерін, технологияларды, мектеп жасына дейінгі балаларда қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастырудың әдістемелік-ғылыми негізін білу.

2. Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты оқу үрдісін үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес ұйымдастыру.

3. Педагогикалық процесті анализдеу мен болжауды меңгеру

Пререквизиттер

Мектепке дейінгі педагогика Балалар психологиясы

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

Жаратылыстану теориясы мен әдістемесі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс барысында пәнді оқытудың мақсаты мен міндеттерімен, пән бойынша оқу үрдісін ұйымдастырудың педагогикалық әдістері және тәсілдерімен танысады. Білім алушыларда, мектеп жасына дейінгі балалардың табиғат құбылыстары туралы түсініктерін қалыптастыруға, тірі және өлі табиғат нысандары туралы білімдерін байытуға бағдарланған. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер, балалардың қарапайым экологиялық білімдері туралы білімдерін кеңейтеді. Мазмұны мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеушілік-ізденушілік жұмыстарын ұйымдастыруға бағытталған.

Пәнді оқыту мақсаты

білім алушыларда табиғат құбылыстары туралы түсініктерін қалыптастыру, тірі және жансыз табиғат объектілері туралы білімдерін байыту, табиғаттағы маусымдық өзгерістер, мектеп жасына дейінгі балалардың қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыруға бағытталған теориясы мен әдістемесін меңгеру.

Оқыту нәтижелері

ON 3 Педагогикалық іс – әрекетте алған практикалық және теориялық білімдерін пайдалану және жинақтау.

ON 7 Мектепке дейінгі білім беру жағдайында тұтас педагогикалық үдерістің жаңа әдіснамалық тәсілдерін практикада қолдану.

ON 9 Жеке әдістемелерді оқытуда жаңа интеграцияланған тәсілдерді әзірлеу және жүзеге асыру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Пәннің негізгі терминдері мен түсініктерін білу.

2. Практикалық қызметте пән бойынша оқу процесін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін қолдану.

3. Жаратылыстану пәні бойынша педагогикалық қызметті жоспарлау және аналитикалық дағдыларды меңгеру.

Пререквизиттер

Мектепке дейінгі педагогика Балалар психологиясы

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

Бейнелеу қызметінің теориясы мен әдістемесі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән бейнелеу қызметін оқытудың теориялық негіздерін және әдістемелік біліктерін меңгеруге бағдарланған. Курс барысында алынған білім мен дағдылар білім алушыларға бейнелеу қызметінің әртүрлі салаларында шығармашылық жұмыстар жасауға мүмкіндік береді. Болашақ тәрбиешілердің баланың жас және психикалық ерекшеліктерін ескере отырып, шығармашылық ойлауға бағыттайтын шығармашылық білім беру саласының техникалары және құралдары, әдістері мен тәсілдерін үйретеді.

Пәнді оқыту мақсаты

білім алушылардың бейнелеу іс-әрекетін басқарудың теориясы мен әдістемесін игеру, мектепке дейінгі балалардың бейнелеу өнерін оқыту мен дамытудың заманауи әдістері мен технологияларын пайдалану қабілетін қалыптастыруға бағытталған.

Оқыту нәтижелері

ON 3 Педагогикалық іс – әрекетте алған практикалық және теориялық білімдерін пайдалану және жинақтау.

ON 7 Мектепке дейінгі білім беру жағдайында тұтас педагогикалық үдерістің жаңа әдіснамалық тәсілдерін практикада қолдану.

ON 9 Жеке әдістемелерді оқытуда жаңа интеграцияланған тәсілдерді әзірлеу және жүзеге асыру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Бейнелеу әрекетінің ғылыми теориялық, әдістемелік негіздерін білу.
2. Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыра білу.
3. Мектеп жасына дейінгі балалардың бейнелеу әрекетін ұйымдастыру дағдыларын меңгеру.

Пререквизиттер

Мектепке дейінгі педагогика Балалар психологиясы

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

Мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған әлеммен таныстырудың теориясы мен әдістемесі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнді оқу барысында білім алушылар табиғатпен таныстырудың заңдылықтарымен, әдіс-тәсілдерімен, психологиялық және педагогикалық негіздерімен танысады. Мектепке дейінгі ұйымда тәрбие-оқу үрдісін ұйымдастырылуын жан-жақты меңгереді. Мектеп жасына дейінгі балалардың психо-физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты қоршаған ортамен таныстырудың әдістемелік негіздерін біледі. Мектепке дейінгі ұйымда экологиялық тәрбие бағытындағы іс шараларды жоспарлауға, педагогикалық үрдісті талдау мен жобалауды меңгереді.

Пәнді оқыту мақсаты

студенттерді мектеп жасына дейінгі балаларды сыртқы ортамен таныстырудың теориялық және әдістемелік негіздерімен таныстыру.

Оқыту нәтижелері

ОН 3 Педагогикалық іс – әрекетте алған практикалық және теориялық білімдерін пайдалану және жинақтау.

ОН 7 Мектепке дейінгі білім беру жағдайында тұтас педагогикалық үдерістің жаңа әдіснамалық тәсілдерін практикада қолдану.

ОН 9 Жеке әдістемелерді оқытуда жаңа интеграцияланған тәсілдерді әзірлеу және жүзеге асыру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Балаларды қоршаған ортамен таныстырудың ғылыми-теориялық, әдістемелік негіздерін білу.
2. Мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыру.
3. Мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық іс-шараларды жоспарлау және талдау дағдыларын меңгеру.

Пререквизиттер

Мектепке дейінгі педагогика Балалар психологиясы

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс білім алушылардың тәрбие беру жұмысының функциялары мен мазмұнын, балалар ұжымының режимін дұрыс ұйымдастырып, диагностикалаудың әдістерін, тәсілдерін қарастыруына бағытталған. Сонымен қатар, білім алушы денені шынықтыру, сауықтыру шараларымен айналысу құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын, балаларды дене тәрбиесіне үйрету әдістемесінің негіздерін меңгереді.

Пәнді оқыту мақсаты

білім алушыларда мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінің теориясы мен әдіснамасымен танысу процесінде міндеттерді практикалық іске асыру қабілетін қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ОН 3 Педагогикалық іс – әрекетте алған практикалық және теориялық білімдерін пайдалану және жинақтау.

ОН 7 Мектепке дейінгі білім беру жағдайында тұтас педагогикалық үдерістің жаңа әдіснамалық тәсілдерін практикада қолдану.

ОН 9 Жеке әдістемелерді оқытуда жаңа интеграцияланған тәсілдерді әзірлеу және жүзеге асыру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Пәннің ғылыми-теориялық, әдістемелік негіздерін білу.
2. Балалардың психофизикалық және сенсомоторлы даму деңгейін диагностикалауды іс тәжірибеде жүзеге асыру.
3. Мектепке дейінгі жастағы балалардың педагогикалық процесін, режимін ұйымдастыруда санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды орындау дағдыларын меңгеру.

Пререквизиттер

Мектепке дейінгі педагогика Балалар психологиясы

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

Мектеп жасына дейінгі балалардың оқу-танымдық қызметін ұйымдастыру

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курс мектепке дейінгі ұйымдардағы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық және оқу әрекетінің мазмұндық аспектілерін қарастырады. Курс мектеп жасына дейінгі балалардың оқу - танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың жалпы принциптері, формалары, әдістері мен жеке тәсілдер жүйесін меңгеруге, бағытталған .Курсты оқу барысында студенттер таным, когнитивтік белсенділік, қызығушылық, қажеттілік сияқты негізгі ұғымдармен танысады.

Пәнді оқыту мақсаты

танымдық процестер мен психологиялық процестерді қалыптастыру процесінде баланың жеке басының когнитивті-интеллектуалды, эмоционалды-ерікті және коммуникативті салаларының даму ерекшеліктері туралы, мектепке дайындық, оған болашақта жаңа жағдайларға бейімделуге және мектеп бағдарламасын сәтті игеруге мүмкіндік беруге білімалушылардың көзқарасын қалыптастыру

Оқыту нәтижелері

ОН 3 Педагогикалық іс – әрекетте алған практикалық және теориялық білімдерін пайдалану және жинақтау.

ОН 10 Мектепке дейінгі білім берудегі нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау дағдыларын меңгеру және мектепке дейінгі тәрбиенің өзекті мәселелері бойынша қажетті ақпаратты өз бетінше іздестіру және іріктеуді жүзеге асыру.

ОН 11 Педагогикалық іс-әрекетке талдау жүргізу және оның нәтижелерін педагогикалық үдерісте қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Пәннің ғылыми-теориялық, әдістемелік негіздерін білу.

2. Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты диагностикалауды жүргізе алу.

3. Пәнаралық интерграциялауды меңгеру

Пререквизиттер

Мектепке дейінгі педагогика Балалар психологиясы

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

Педагогикалық практика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Педагогикалық тәжірибе бағдарламасында жаңартылған білім беру мазмұны аясында білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктері қарастырылған. Студент жаңартылған білім беру мазмұны аясында маман ретінде әрекет етеді, нақты білім беру бағдарламасының заманауи мәселелерін шешуге бағытталған оқу процесін жобалай алады. Алынған білім педагогикалық қабілеттерді, сонымен қатар тәрбиеші тұлғасының кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастырады. Студент заманауи ақпараттық ресурстар мен технологияларды пайдалануды үйренеді.

Пәнді оқыту мақсаты

білім беру жүйесінде оқытудың оқу-тәрбие процесін жобалаумен және іске асырумен байланысты кәсіби педагогикалық құзыреттерді қалыптастыру, білім алушылардың әлеуметтік және кәсіптік бейімделу жағдайларын қамтамасыз ету, олардың педагогикалық кәсіптің нормалары мен құндылықтарын игеруі, педагогикалық қызметтің іс-әрекет тәжірибесін алуда білім алушылардың жеке басының кәсіптік бағдарлануын қалыптастыру болып табылады.

Оқыту нәтижелері

ОН 2 Оқушылардың жеке, физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен критериялды бағалаудың заманауи технологияларын қолдану.

ОН 3 Педагогикалық іс – әрекетте алған практикалық және теориялық білімдерін пайдалану және жинақтау.

ОН 11 Педагогикалық іс-әрекетке талдау жүргізу және оның нәтижелерін педагогикалық үдерісте қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Теориялық білімдерін практикада көрсету.

2. Педагогикалық жұмысты ұйымдастыру әдістерін меңгеру

3. Оқыту және тәрбиелеу әдістерін қолдану

Пререквизиттер

Педагогикалық тәжірибе (психология-педагогикалық)

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Музыкалық тәрбие теориясы мен әдістемесі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс мектеп жасына дейінгі балаларды музыкалық тәрбиелеу мен дамытудың жалпы мәселелеріне арналған. Пән мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық тәрбие әдістемесін зерттейді. Сонымен қатар, мақсаты мен міндеттері, музыкалық тәрбие құралдары, балалардың музыкалық іс-әрекетінің түрлері мен формалары қарастырылады. Мазмұны музыкалық білім берудегі заманауи тенденцияларды ашады, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша типтік оқу бағдарламаларына негізделген.

Пәнді оқыту мақсаты

білім алушыларда музыкалық тәрбие теориясы мен әдістемесі саласында теориялық білімді, тәжірибелік іскерлікті қалыптастыру болып табылады.

Оқыту нәтижелері

ОН 3 Педагогикалық іс – әрекетте алған практикалық және теориялық білімдерін пайдалану және жинақтау.

ОН 7 Мектепке дейінгі білім беру жағдайында тұтас педагогикалық үдерістің жаңа әдіснамалық тәсілдерін практикада қолдану.

ОН 9 Жеке әдістемелерді оқытуда жаңа интеграцияланған тәсілдерді әзірлеу және жүзеге асыру.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Музыкалық білім берудің негізгі терминдері мен түсініктерін білу.
2. Музыкалық білім беруді ұйымдастырудың әдістері мен құралдарын меңгеру.
3. Білім беру ұйымдарында музыкалық оқу қызметін жүргізу дағдыларын қалыптастыру.

Пререквизиттер

Мектепке дейінгі педагогика Балалар психологиясы

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

Балалар әдебиеті

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	4
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс болашақ мамандарды балалар әдебиетінің мазмұнымен таныстыруға бағытталған. Пәнді оқу барысында студенттер балалар әдебиеті жазушыларымен, олардың еңбектерімен танысып, жеке пәндерді оқытуда қолдануға үйренеді. Әдеби шығармаларды мектеп жасына дейінгі балаларға жүйелі жеткізудің, оларды шығармашылық әрекетке баулудың, сыни ойлаудың дамыту әдістері мен тәсілдерін, құралдарын меңгереді. Курсты оқып зерттеу барысында білім алушылар балалар әдебиеті туралы білімді алады.

Пәнді оқыту мақсаты

мектеп жасына дейінгі балаларды фольклордың ең танымал шығармаларымен таныстыру арқылы психологиялық-педагогикалық жұмысты ұйымдастыра және әдістемелік сауатты жүргізе алатын, жан-жақты білімі бар маман даярлау.

Оқыту нәтижелері

ОН 3 Педагогикалық іс – әрекетте алған практикалық және теориялық білімдерін пайдалану және жинақтау.

ОН 4 Ересек мектеп жасына дейінгі баланың мектептегі білім беру жағдайына дайындығы тұрғысынан қазіргі заманғы мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы саласындағы кәсіби білімдерін көрсету.

ОН 8 Педагогикалық үдерісте заманауи және инновациялық технологияларды пайдалануда жүйелі дағдыларды көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Балалар әдебиетінен білімін көрсету.
2. Балаларға шығарманы меңгертудің әдістемесін үйрену.
3. Алған білімін іс-тәжірибеде қолдану.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Өндірістік тәжірибе(педагогикалық)